# Қазақстан Республикасының Кеден кодексін іске асыру жөніндегі шаралар туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 26 мамырдағы N 105 -ө өкімі. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2004.12.30. N 383 өкімімен.

Қазақстан Республикасының Кеден кодексін іске асыру мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Кеден кодексін іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары ведомстволық нормативтік құқықтық кесімдерді Қазақстан Республикасының Кеден кодексіне сәйкес келтірсін.

3. Аумағында арнайы экономикалық аймақтар орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары белгіленген тәртіппен арнайы экономикалық аймақтар туралы ережелерді Қазақстан Республикасының Кеден кодексіне сәйкес келтіруді көздейтін Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарының жобаларын Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары А.С.Павловқа жүктелсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2003 жылғы 26 мамырдағы
N 105 өкіммен
бекітілген

## Қазақстан Республикасының Кеден кодексін іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі

| Р/с N | Нормативтік құқықтық кесімнің атауы | Орындалу мерзімі | Жауапты орындаушы |
|---|---|---|---|
| Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. | Қазақстан Республикасы Үкіметінің мынадай кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы: "Қазақстан Республикасы кеден органдарының айырым белгісі мен айырым жалауының сипаттамасын және оны қолдану. дың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 6 маусымдағы N 932 қаулысы ; "Тауарларды уақытша әкелу және уақытша әкету кеден режимі қолданылатын лизинг заттарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21 тамыздағы N 1092 қаулысы ; "Жеке тұлғалардың тауарлар. ды Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы оңай. латылған, жеңілдетілген тәр. тіппен өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 мамыр. дағы N 741 қаулысы ; "Лауазымды адамдардың Қазақстан Республикасының кеден органдарында қызмет өткеруі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 тамыз. дағы N 1238 қаулысының күші жойылды деп танылсын. | 2003 жылғы маусым | КБА, ҚарМ |
| 2. | Осы операциялар орын алған ел шыққан елі болып саналуы үшін орындалатын өндірістік | 2003 жылғы маусым | КБА, ҚарМ, ЭМРМ, ИСМ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | немесе технологиялық опера. цияларды жеткілікті қайта өңдеудің өлшемдерін бекіту туралы | | |
| 3. | Кеден баждары мен салықтарды төлеуден толық босатыла отырып уақытша әкелінетін және кеден баждарын төлеуден толық боса. тыла отырып уақытша әкетілетін тауарлардың тізбесін бекіту туралы | 2003 жылғы маусым | КБА, ҚарМ, ИСМ |
| 4. | Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге тыйым салуларды, кейбір кеден режимдеріне орналастыруға тыйым салынған тауарлардың тіз. белерін, сондай-ақ жекелеген кеден режимдеріне орналастырылған тауарлармен операциялар жүргізуге арналған тыйым салулар мен шектеулерді бекіту туралы операциялар жүргізуге арналған тыйым салулар мен шектеулерді бекіту туралы | 2003 жылғы маусым | КБА, ҚарМ, ККМ, ЭМРМ, ІІМ, ИСМ, АШМ |
| 5. | Тауарларды кедендік ресімдеу үшін кеден баждары мен кеден алымдарын салудан босатуға арналған құжаттар ұсыну ережесін бекіту туралы | 2003 жылғы маусым | КБА, ҚарМ |
| 6. | Кеден органдары алатын кеден алымдарының, алымдар мен төлем. дердің ставкаларын бекіту туралы | 2003 жылғы маусым | КБА, ҚарМ |
| 7. | Нысанды киім мен айырым белгі. лерінің үлгілерін, сондай-ақ олармен Қазақстан Республика. | 2004 жыл | КБА |

сының кеден органдары лауазымды адамдарын қамтамасыз ету норма. ларын бекіту туралы

8. Кеден төлемдері мен салықтардың төленуі міндетті түрде қамтамасыз етіле отырып Қазақстан Республи. касының аумағы бойынша өткізілетін тауарлардың тізбесін бекіту туралы | 2003 жылғы маусым | КБА, ҚарМ

9. Оқпен атылатын қаруларды алып жүру, сақтау және пайдалану құқығы берілген кеден органдары лауазымды адамдарының санаттарын және Қазақстан Республикасының кеден органдарында пайдаланылатын оқпен атылатын қарулар, оқ-дәрі. лер және арнайы құралдар түрлері. нің тізбелерін бекіту туралы | 2003 жылғы маусым | КБА, ІІМ, ҚорМ

10. Қазақстан Республикасы кеден органының лауазымды адамы өзінің қызметтік міндеттерін атқаруы кезеңінде қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда біржолғы өтемақы төлеу ережесін бекіту туралы | 2003 жылғы маусым | КБА, ЕХҚМ

11. Кедендік құнды айқындаудың резервтік әдісін қолдану кезінде пайдаланылатын ақпараттық анықтамалықты бекіту туралы | 2003 жылғы тамыз | КБА, ҚарМ

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК